

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**jasSpeak клубы "Жастар кәсіпкерлігін қолдаудың негізі ретінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау" атты көрнекті іс-шара өткізді**ЖАРИЯЛАНДЫ  
26.09.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/143749/>

Алматы қаласы, 2023 жылғы 14 қыркүйек-бүгін Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының, «Жастар рухы» жастар қанатының және «Еуразиялық Бейбітшілік және келісім» жеке мекемесінің қолдауымен «Жастар кәсіпкерлігін қолдаудың негізі ретінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау» атты көрнекті іс-шара өтті.э

Бұл іс-шара жас кәсіпкерлер мен бизнес-қоғамдастық өкілдері тәжірибе, идеялармен алмасып, өздерінің бизнес-жобаларын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер таба алатын бірегей алаң болып табылады.

Бірінші спикер АҚФ “Жастар Рухы” жастар қанатының төрағасы Кеңесов Ә.Б болды, ол Қазақстан Республикасы Президентінің Қ.Жолдауын талқылады. Өз баяндамасында жас кәсіпкерлердің ел экономикасын дамытудағы маңыздылығы туралы айтты: “Президент жастардың инновация мен шығармашылықтың қозғаушы күші екенін дұрыс атап өтті. Біз, «Жастар Рухы» жастар қанаты, бұл тұжырыммен толық келісеміз. Жастардың біздің қоғамды жақсы жаққа өзгерте алатын энергиясы мен идеялары бар. Дарынды жас кәсіпкерлер мен инноваторларды қолдау экономиканың дамуына және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін болады”, -деп аяқтады өз сөзін.

Содан кейін “АТАМЕКЕН” кәсіпкелер Палатасының Медеу аудандық филиалының директоры Қазыкенов Айбек Олжабекұлы қатысушыларға “АТАМЕКЕН” ҰК ұсынған гранттар мен жобалар туралы өзекті ақпаратты ұсынды, бұл жас кәсіпкерлерге пайдалы кеңестер мен ресурстар алуға көмектеседі.

Диалогтық алаң спикерлері арасында Алматы қалалық Мәслихат депутаты Серік Есматов және Қазақстан Халық Ассемблеясы мүшесі, Алматы қаласы “Ассамблея жастары” төрайымының бірінші орынбасары Мохаммедсаруар Омар болып, пікірталасқа белсенді қатысып, жастарға құнды ақпараттармен бөлісті.

Қатысушылар пікірталастарға белсенді қатысып, талқылауға құнды үлес қосқан аудиторияның сұрақтарына ерекше назар аударылды.

Іс-шара ұйымдастырушылардың алғыс сөздерімен аяқталды, олар білім мен тәжірибе алмасудың, сондай-ақ болашақ табысқа жету үшін серіктестіктер құрудың маңыздылығын атап өтті.

«Жастар кәсіпкерлігін қолдаудың негізі ретінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау» іс-шарасы талқылау форумы ғана емес, сонымен қатар жас кәсіпкерлер үшін шабыт пен жаңа мүмкіндіктер көзі болды.